Соңғы уақыттарда этникалық туризмге көптеген жұмыстар арналған. Этникалық туризмнің анықтамаларын ғалымдар М. Б. Биржаков, Н. А. Малова, А. А. Романов, Р. Г. Саакянц, Ч. Б. Сундуев берді, солардың бірнешеуін I кестеден көруге болады (кесте).

Этникалық туризм анықтамаларына саралау [3]

| |
|---|
| Этнотуризм – бұл: |
| Белгілі бір халықтың мәдени немесе тілдік алмасу мақсатымен зерттеуге бағытталған мәдени туризмнің бөлігі болып табылады |
| Туыстарының тарихи отанына немесе туған жеріне бару |
| Ең алғашқы мәдени қоғамдастыққа саяхаттау мәдени туризмнің ерекше түрі, ол табиғатқа қарағанда адамдарға көбірек назар аударатын, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың өмір салтын көрсететін кез-келген экскурсияны білдіреді |

Аталған кестені талдау ғылыми ортада этникалық туризм деген түсініктің белгілі бір анықтамасы жоқ деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Этнографиялық туризм - белгілі бір халықтың өмірімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен және тұрмыстық ерекшелігімен танысу. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, туризмнің бұл түрі адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Этнографиялық туризмді ұйымдастыру кезінде маңызды мәселе – турға қатысушыларды әртүрлі этностардың салт-дәстүрлерімен және мәдениетімен таныстыру. Салт-дәстүрлер – адамдар арасындағы қарым-қатынас ұстанымдары, тәртіп нормалары, құндылықтары, елдегі адамдардың өмір салты және ритмі болып табылады. Дәстүрлердің міндеті әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында біркелкі емес. Салт-дәстүрлер көбінесе дінде көрініс тапқан.

Этнографиялық туризмнің негізгі 3 түрі болады:

1. Ертеден келе жатқан елді мекендерге бару – белгілі бір халықтың дәстүрлі мәдениет ерекшеліктерін сақтаған этнографиялық ауылдар (уақытша жәнетұрақты).

2. Халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мұражайларға бару. Фольклорлық ауылдарға ұқсас ашық аспан астындағы «тірі» мұражайлар туристерді ерекше қызықтырады. Себебі оларда дәстүрлі сәулет өнері мен тұрмыс-тіршілік заттары сақталады. Сондай-ақ, келуші белгілі бір мәдениет пен дәуірге жататын затты өз көзімен көре алады, оның қалай пайдаланғаны туралы біле алады және өзінің өз мәдениетіне немесе басқа халық мәдениетіне өз үлесін қосқанын сезіне алады. Ауылды елді мекендерде дәстүрлі іспен айналысып отырған ұлттық киім-кешекке киінген тұрғындарды көруге болады. Территорияда этнографиялық мұра элементтері көп болған сайын туризм үшін де оның тартымдылық деңгейі жоғары болады.

3. Мұраның материалдық емес формаларымен – дәстүрлерімен, мейрамдарымен және әдет-ғұрыптарымен танысу. Бұл ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени мұра элементтері болып табылады. Олар ұзақ уақыт бойы белгілі бір қоғамда, класста және әлеуметтік топта сақталады [4].

Ностальгиялық туризм деп – өз халқының немесе этникалық ата-бабаларының мәдениетімен танысу, ал екіншісі бұрынғы тұрғылықты жерлеріне, ата-бабаларының, туыстарының және отбасы мүшелерінің орындарына бару ниетімен саяхаттайтын саяхаттарды айтады.

Эколого-этнографиялық туризм – бұл әртүрлі этно аумақтардағы қауымдастықтың мәдениетімен танысу.

Этнотанымдық туризм тарихи ретроспективтегі этникалық мәдениетті кешенді зерттеу мақсатындағы туризм.

Антропологиялық туризм – этномәдени топтардың өмір сүру жағдайымен танысу саяхаты.

Сонымен бірге, этномәдени туризм ресурстарының құрылымы мен классификациясы әртүрлі кеңістіктік деңгейде – жаһандық, макроөңірлік және ұлттықтан өңірлік, тіпті жергілікті деңгейлерде жүзеге асырылады. Этномәдениетті туристік ресурстармен этномәдени көріністердің әртүрлілігін анықтау мүмкін емес, сондықтан саңдық шектеулер мен соңғы сапалы саралау туралы есте сақтау керек. Этномәдени – туристік мүмкіндік бұл – этнографиялық, әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, табиғи-экологиялық және экономикалық нысандардың әртүрлі санаттарының жиынтығы, тәртіпті құбылыстардың әртүрлі санаттары мен қазіргі кезеңде белгілі бір аумақта ұйымдас-тырылған әуесқой этномәдени туризм үшін маңызы бар. Бұл жағдайда этномәдени саланың барлық құбылыстарының нақты пайдаланылуына қарамастан олардың толық тізімі туралы сөз өрбиді.

Нәтижелер мен талқылау. Этномәдени туризммен тікелей байланысты объектілердің әртүрлі категорияларының арасында: этнографиялық ауылдар мен парктер, этнографиялық, өлкетану, тарихи-өлкетану және тарихи-сәулет мұражайлары, тарихи-мәдени және табиғи мұражай-қорықтар, сондай-ақ этномәдени колорит сақталған ауылдық елді мекендер, қала маңындағы аудандар және жеке ғимараттар бар. Этномәдени туризм объектілері ретінде ерекше қызығушылық танытатын, қаумалдарды қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (ЕҚТА) ұсынуға болады. Ұлттық парктердің құқықтық мәртебесі мен табиғи антропогендік сипатын ескере отырып, табиғатты сақтау, зерттеу және туризм мен рекреациялық қызметтердің бір орталықта болуы ЕҚТА территориясында этномәдени туризмді дамыту өте маңызды болып саналады. АҚШ-та ұлттық парктер пайда болғанда сақталған табиғи аумақтарға, ал шетелдік Еуропада мәдени көрнекті орындарға кең аудиторияның қол жеткізуін қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңының, 45-бабының, яғни Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағын аймақтарға бөлу, оны күзету және пайдалану режиміне сәйкес Мемлекеттік ұлттық табиғи парк – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Сонымен қатар, Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар иерархиясында мемлекеттік табиғи қорықтар (шетелде қатаң реттелетін табиғи қорықтар деп аталады) ерекше орын алады. Экологиялық ағартушылық, ғылыми, табиғат қорғау маңызына ие объектілер ретінде, табиғи ортадағы сирек ландшафттарда флора мен фаунаның генетикалық қорын сақтайды [5]. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесіне 10 мемлекеттік табиғи қорығы, 12 мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, 5 мемлекеттік табиғи резерваты, республикалық маңызы бар 50 мемлекеттік табиғи қаумалы, республикалық маңызы бар 26 табиғат ескерткіші, 3 зоологиялық паркі (Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларында), 5 республикалық ботаникалық бағы (Алматы, Қарағанды, Риддер, Жезқазған қалаларында, Бақанас селосында), 5 республикалық мемлекеттік қорық аймағы және 3 жергілікті маңызы бар өңірлік табиғи паркі, 4 жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалы, 15 жергілікті маңызы бар табиғат ескерткіші кіреді [6].

Бұл тұрғыда мүмкіндігі өте көп отандық ұлттық парктер «Көлсай көлдері», «Алтынемел», «Шарын», «Іле Алатауы», «Жоңғар Алатауы» болып табылады. Туризмді кешенді табысты дамыту тұрғысында, оның ішінде этномәдени құндылықтар ретінде қарастыруға «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркі дирекциясының бастамаларын туризмнің табысты интеграциялық дамуының үлгісі деуге болады. Соңғы жылдары жүзеге асырылған жоспарға сәйкес, халық көңілін жандандыру, жергілікті тұрғындардың көптеген ресейлік және шетелдік қонақтарды тартуға бағытталған рекреациялық іс-шараларға белсенді қатысуы. Атап айтқанда, «Жоңғар Алатауы» ұлттық паркінде өткізілген «Сиверс алмасының гүлденуі» этнофестивалі. Фестивальдің маңыздылығы Жоңғар Алатау тауының таулы аймағында Сиверсалма ағашының гүлденуіне арналды. Сиверсалма ағашы әлемнің алма ағашының барлық түрлерінің бастамашысы деп аталады. Фестиваль барысында тек Жоңғар алауында өсетін емдік өсімдіктердің көрмесі қойылып, халық назарына ұсынылды. Көрмеде балдың дәрілік қасиеттерін және одан жасалған бұйымдарды зерттеуге мүмкіндік болды. Сонымен қатар ұлттық спорттық ойын (асық ату, теңге алу, аударыспақ, арқан тарту) түрлерінен жарыстар, туристік бағыттардағы ойындардан жергілікті жерді компоспен бағдарлау, уақытта

палатка құру және тағы басқа жарыстар өткізілді. Тау бөктерінде 6 қазақ үй тігіліп, ұлттық дәстүр мен мәдени құндылықтар көрмесі (ұлттық аспаптар, қол өнер бұйымдары, бүркітшілер т.б.) ұйымдастырылды. Іс-шарада, ауданда өмір сүретін басым ұлт өкілдері (қазақ, татар, орыс), қазақстандық және шетелдік туристік агенттіктер, әуе өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары мен блогерлер, жалпы алғанда 400-ден астам адам қатысқан болатын. Болашақта осындай этнофестивалдарды Алматы облысының ерекше қорғалатын аумақтарында өткізу жергілікті халыққа, ішкі туризмнің дамуына өте тиімді.

Бүгінгі күні әлемде бірнеше мың тақырыптық парктер бар. Олардың арасында тек қана қонақтардың этномәдени қажеттіліктеріне ерекше көңіл бөлінеді. Тақырыптық парктерді этномәдени бірлікті көрсететіндерге бөлуге болады: 1) аудан немесе жергілікті жер; 2) бүкіл ел, мысалы Қазақстан; 3) жалғыз ұлтты бөліп қарастыру (қазақ тұрғын үйлері және т.б.). Туристік саланың қызығушылығы үшін қысқамерзімді немесе ұзақмерзімді мүмкіндіктерді бағалауды жүргізу қажет. Этномәдени туристік нысандарды басқару үшін туристік потенциалды тиімді бағалауды үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге санап көреміз. Қабылданған туристік – рекреациялық ресурстардың нормаларына сәйкес, туристік ресурстар арнайы кадастрға кіреді. Этникалық мәдениеттің екі түрлі нысаны материалды және рухани элементтерін қалай салыстыруға болады. Экономикалық көрсеткіштерде кездесетін бағалаудың баллдық жүйесі нысандардың бағалылығын бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан тарихи, мәдени, эстетикалық тұрғыдан қарағанда нысанның бағалылығы таласқа түспейді.

Қорытындылар мен ұсыныстар. Бүкіл әлем бойынша туристердің өзін-өзі дамытуға деген ынталары өсіп келе жатыр, басқа елдің мәдениетімен, шығу тарихымен, дәстүрімен танысу бұрын сол елдің аумағында болған тарихи оқиғалармен танысып, жаңаны үйренуге деген қызығушылықтары артуда. Тек шетелдіктерге ғана емес, өз отандастарымызға да этномәдени турлар құру арқылы ішкі туризмді де дамытуымызға болады және этномәдени туризмнің аймақтық және халықаралық деңгейде дамуындағы болашағы зор сеніммен айта аламыз [7]. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін рухани тұрғыда баянды қылу қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Соның ең бастылары ұлттық дүниетаным мен мәдени жәдігерлеріміздің бұрынғысын, кешегісін, бүгінгісін салыстыра қарап, өскелең ұрпаққа танытып, ұғындыра түсу. Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәдени тұжырымдамасында: «...Қазақстан халқына өз мәдениетінің келбетіне қайтадан толық көлемде ие болуына тура келеді. Мемлекетке тарихи атауын берген халықтың мәдениетіне даусыз басымдық берілуі тиіс, өйткені ол Қазақстаннан басқа еш жерде шын мәнінде түлеп дами алмайды», – деп көрсетілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени тұжырымдамасында.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің № 508 қаулысы, 19.05.2014.
- [2] Бутузов А.Г. Этнокультурный туризм. – М.: Кнорус, 2013. – 248 с.
- [3] Святоха Н.Ю., Филимонова И.Ю. Подходы к классификации этнического туризма // Вестник Оренбургского государственного университета. Сер. география. – 2014. – № 6. – С. 179-183.
- [4] Алиева Ж.Н., Фархатұлы М. Қазақстандағы этнографиялық туризмді дамыту болашағы // Материалы V международной научно-практической конференции «Туризм Казахстана (Алматы, 9–11 октября 2014 г.). – Алматы: Изд. Казак университеті, 2014. – С. 90-94.
- [5] Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 Заңы.
- [6] Бельгибаев М.Е. Особо охраняемые природные территории Казахстана: проблемы их создания и перспективы // Экологические образования в Казахстане. – 2009. – № 2. – С. 23-26
- [7] «Туризмді дамытудағы ежелгі қалалардың ролі». – Ж. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2011. – 35 б.

REFERENCES

- [1] Concept of Tourism Industry Development in the Republic of Kazakhstan till 2020. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 19.05.2014 N 508 (in Kaz.).
- [2] Butuzov A.G. Ethno cultural tourism. M.: Knorus, 2013. 248 p. (in Rus.).
- [3] Svyatoha N.Yu., Filimonova I.Yu. Subspecies of ethnographic tourism classification // The Bulletin of the Orenburg State University. Ser. geography. 2014. N 6. P. 179-183 (in Rus.).

[4] Alieva Zh.N., Farkhatuly M. Prospects for the development of ethnographic tourism in Kazakhstan // Material of V International scientific-practical conference «Tourism in Kazakhstan (Almaty, October 9–11, 2014). Almaty: Search. Kazakh university, 2014. P. 90-94 (in Kaz.).

[5] Law of the Republic of Kazakhstan of July 7, 2006 N 175 on Especially Protected Natural Territories (in Rus.).

[6] Belgiibev M.E Ecologically Education in Kazakhstan: Problems of Their Creation and Prospects // Environmental education in Kazakhstan. 2009. N 2. P. 23-26 (in Rus.).

[7] "The role of ancient cities in the development of tourism". L. N. Gumilyov Eurasian National university, 2011. 35 p. (in Kaz.).

Т. В. Имангулова¹, Г. М. Ушкулакова²

¹Декан факультета туризма, к.п.н., доцент
(Казакская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан)

²Докторант PhD, старший преподаватель
(Казакская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан)

ЗНАЧИМОСТЬ РЕСУРСНОГО ПОТЕНЦИАЛА ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ТУРИЗМА НА ОСОБО ОХРАНЯЕМЫХ ПРИРОДНЫХ ТЕРРИТОРИЯХ

Аннотация. Дается характеристика этнокультурного туризма, возможности ресурсов этнокультурного туризма на особо охраняемых природных территориях. Описывая состояние этнокультурного туризма в Казахстане, авторы также рассматривают проблемы его дальнейшего развития. Для становления отечественного этнокультурного туризма необходимо разработать теорию кадастровой оценки, структуру и классификацию ресурсов этнокультурного туризма. В сравнении с другими сферами туризма этнокультурный туризм в Казахстане развивается более высокими темпами.

Ключевые слова: этнокультурный туризм, этнический туризм, ностальгический туризм, этнографический туризм, государственный национальный природный парк, заповедник, кадастр.

T. V. Imangulova¹, G. M. Ushkulakova²

¹Dekan of the Faculty of Tourism, assistant professor
(Kazakh academy of sports and tourism, Almaty, Kazakhstan)

²Doctoral student PhD, Senior Lecturer
(Kazakh academy of sports and tourism, Almaty, Kazakhstan)

THE USE OF THE RESOURCE POTENTIAL OF ETHNOCULTURAL TOURISM IN SPECIALLY PROTECTED NATURAL AREAS

Abstract. The article presents an overview of ethnocultural tourism, the possibilities of the resources necessary for ethnocultural tourism of domestic specially protected natural areas. Overview of ethnocultural tourism, the possibilities of resources necessary for ethnocultural tourism of specially protected natural areas. Considering the state of ethnocultural tourism in Kazakhstan, the situation in the future for the development of domestic ethnocultural tourism, is considered and it's necessary to develop a theory of cadastral valuation of ethnocultural tourism resources, the structure and classification of ethnocultural tourism resources. Ethnocultural tourism is defined by its specificity compared with other tourist types. Creates favorable conditions for of tourism the development in Kazakhstan.

Keywords: ethnocultural tourism, ethnic tourism, nostalgic tourism, ethnographic tourism, state national natural park, nature reserve, cadastre.

Т. В. Имангулова¹, Д. С. Кадырбекова², Г. М. Ушкулакова², Ш. Маратұлы³

¹Қауымдастық профессоры доцент, п.ғ.к.

(Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан)

²PhD докторанты, аға оқытушы

(Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан)

³«5B090200-Туризм» мамандығының 3-курс студенті

(Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан)

ЖЕТІСУДЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

Аннотация. Мақаланың негізгі нысаны – Қазақстанның Жетісу жеріндегі киелі, қасиетті орындар. Мақаланың өзектілігі қазіргі мәліметтерді, басқа да топонимикалық аңыздардың туристік мақсатта пайдаланылуы, жалпы осы аймақтың туристік сапарларға беретін әлеуеті сөз болады. Ол үшін жер-су атауларының сыры туралы қызықты мәліметтер беру, топонимика саласымен тікелей байланыстыра ақпараттар беру мәселелері қаралған. Әрбір атау – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтап отырады.

Түйін сөздер: топоним, топонимика, топонимдік аңыз, жер-су атаулары, Жетісу, топонимика саласы, географиялық нысандар.

Кіріспе. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» [1].

Мәселенің қойылуы. Біздің мақаламыздың мақсаты, Жер жаннаты - Жетісудың жер-суы, өсімдігі туралы мәліметтер мен еліміздің сол бөлігіндегі рухани саяхатты дамыту бағыттарында қолданылуы қажет деректерді белгілеу болып табылады.

«Жерімнің аты – елімнің хаты» демекші, соңғы кездері осы айтылған бастамаларды іске асыру мақсатында «Қазақстанның киелі жерлері» атты жоба қолға алынды. Қазақстанның киелі жерлерін анықтау жұмысы «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығына тапсырылып, «Арыс» баспасынан аталған басылымның бірінші томы жарық көрді. «Қасиетті Қазақстан» атты бұл энциклопедияға Астана мен Алматы қалаларының және Ақмола мен Алматы облыстарының киелі жерлері, тарихи оқиғалар өткен қасиетті орындары, табиғи ландшафттың ерекше ескерткіштері, ұлттық құнды мәдени мұралар енгізілген. 6 томдық осы энциклопедияның алғашқы томының кітап болып шығуына және ондағы тарихи атаулар мен тарихи оқиғалардың ашылуына тікелей өз еңбегін қосып келе жатқан ғалым, «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес былай дейді: «Жаркенттегі мешіт саулетшісі Хон-Пик, Алматыдағы А.Зенков салған Әуле Вознесенск кафедралдық шіркеу де саулет ескерткіштері екені белгілі» [2].

Жер-су атаулары, ғылыми тілде «топонимика» деп аталады. Бұл ғрек сөзі, қазақшаға аударсақ «мекен немесе орын атауы» деген мағынаға лайық. Қазақ халқының атамзаманнан орнығып, өмірсүріп жатқан жерінің өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата – бабаларымыз солардың әрқайсысына атқойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз. Міне, бұл атаулар ғасырлар бойы сақталып келе жатыр [1].

Зерттеу әдістері мен дереккөздер. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылатын: қызғалдақ пен Сиверс алмасының да Отаны осы Алматы облысының территориясы. Алматы облысында экологиялық соқпақтар мен бағыттар белгіленген бес ұлттық табиғи саябақ және екі қорық бар. Жалпы Қазақстанның Жетісу бөлігіндегі кейбір жер-су атаулары тарихи маңызды ғылыми зерттеулерді қарағанда, Жетісудың Барсыған қаласының тумасы Махмуд

Қашқаридың ХІ ғасырда жазылған жазба ескерткішінің өзбекше аудармасында «Дойра» деп аталған картасы – түркі жұртының картография саласына қосқан үлкен үлесі деп білеміз. Себебі оның осы сөздігінде 29 тайпаның этноним, топонимдерін, туыстық атаулары мен киім-кешек, тағам аттарын, салт-дәстүр ерекшеліктерін атап көрсетіп, ұсақ рулардың таңбаларына дейін сипаттайды [3].

Топоним – жер бетіндегі табиғи нысаналардың жалқы атауы (мұхит, өзен, көл, тау, т.б.), сондай-ақ жердегі адам жасаған, нақты бір аймақта тіркелген нысана атауы (қала, ауыл және түрлі елді мекен түрлері, коммуникация жолдары, т.б.). Жаркент мешіті, дүниежүзінде екі каньон ғана бар, соның бірі Шарын каньоны.

Топонимика – топонимдердің пайда болу жолдары мен заңдылықтарын, даму, қызмет ету ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттейтін ономастиканың дербес ірі саласы.

Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан екі мың жыл бұрын Қытай билеушілерінің біріне мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларды дұрыстаудан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда істе жүрмейді және халықта не істерін білмейді», – деген екен.

Топонимикон – 1. Топонимдер сөздігі немесе топонимдер тізбегі. 2. Географиялы атаулар репертуары.

Топонимия – қандай да бір нақты тілдің, нақты аймақтың, нақты мәтіннің, нақты дәуірдің топонимдер жиынтығы.

Алматы облысында Малайсары асуы бар, ел-жұрт осы жерге жаугершілік заманда Сарыарқадан Малайсары батыр келген дейді. Әрбір атау – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтап отырады. Топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әр қилы мәлімет береді. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді. Топонимдердің қалыптасуы, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да айқындауға болады. Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ерекше көңіл бөлу керек.

Нәтижелер мен талқылау. Кезінде Лао Цзы: «Жақсы саяхатшының нақты жоспары мен бір жаққа бару туралы мақсаты жоқ» деген екен. Ал қазіргі ақпараттық заманда турист немесе саяхатшылардың алдына халықаралық кеңістікте небір ақпараттар толып жатыр. Біздің жердің сыртқы, ішкі туризмді дамытуға болатын әлеуеті өте жоғары бір Жетісу жеріндегі түрлі нысандардың өзі туралы ежелден келе жатқан халықтың жадында сақталған аңыздардың да маңызы өте жоғары. Дүниежүзіндегі қазіргі талапшыл саяхатшыларды туризм сервисін дамыта отырып ынталандыру үшін олардың есінде қалатын әлемде теңдесі жоқ киелі мекендерімізді таныстыруда тілдік деректер де, мысалы, неге Жетісу деп аталатыны туралы айтылса, кейбір географиялық мәселелер сөз болса нұр үстіне нұр болар еді. Жетісу деген де жеті өзенімізді көрсетіп, олардың ерекшеліктерін айтқанның өзінде, фаунасы мен флорасымен таныстыру үшін өзіне 7 күндей уақыты кететін туристік сапарлар ұйымдастыру қажет деп білеміз. Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыс-та Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік-батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын 7 өзен туралы түрліше пікір бар [4].

А. К. Гейнс бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқызса, А.Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. В.В. Бартольдтың айтуынша, алғашқыда жергілікті халық Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері енген. Ал Жетісу Іленің оңтүстігіне қарай созылған

таулы аймақ деген ұғым XIX ғасырда тарап, сондай-ақ, оған Тянь-Шаньнің солтүстік-батыс және орталық аудандары да қосылатын болған.

Тарихи әдебиетте Жетісу ұғымына Шу алабы мен Нарын өзенінің жоғарғы ағысын қамтитын атырап та кірген. Ономастикалық атаулар беруде жалпы ұлттың тарихи жадына байланысты маңызды мәселелер қозғалатыны белгілі. Сондықтан жер-су атауларына байланысты атаулардың генезисі, мәні, мазмұны және олардың тәуелсіздік мұраттарымен сабақтастығы мәселелері күн тәртібінде тұрғанда бұл салада атқарылмақ жұмыстардың ауқымды екені өзінен-өзі түсінікті. Тілдегі жер-су атаулары тобын ғылыми тұрғыдан топоним деген терминмен атайды. Жалпы географиялық жер-су атауларына қатысты арнайы ономастикалық терминологияны, осы саланың іштей жіктелуіне сай, көпшілік қауымға түсінікті болу үшін төмендегідей танымдық-деректік ақпаратты келтіреміз. Шығысымызда, Зайсанда Жеменей деген өзен бар. Ол Адайдың Жеменейіне тікелей қатысты дейді кейбір аңызшылар.

Жетісу жерін жоңғарлардан азат етуде орны айрықша Ойрантөбе шайқасы, XX ғасыр басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне қатысты Алматы-Құлжа жолындағы Аласаның асуы Аңырақай, Орбұлақ шайқасы өткен. Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы музейін, Жамбыл Жабаевтың музей-үйін, Алашты таныстыруды Жаңалықтағы ескерткіш қуғын-сүргін құрбандарын еске алатын орын арқылы, ғылым академиясының бас ғимараты «Ғылым ордасы» кезінде Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ахмет Жұбанов және басқа тұлғалар еңбек еткен киелі мекен [5].

Топонимдік аңыздардан орындалу түрлерін талдаған еңбегінде С. Қасқабасов: «Топонимдік аңыздың екінші түріне жер-су, мекен атын нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндайтын, сондай-ақ белгілі бір жер-судың пайда болуын ешбір мифтік ұғымға байланыстырмай, бірақ қиялға негізделе әңгімелейтін шығармалары жатады. Бұл аңыздардың мазмұны көбіне қайғылы болады, әңгіме кенеттен аяқталып, оқиға күрт үзілді, ал кейіпкерлер бақытсыз жағдайға душар болады» [6].

Халық арасына кең таралған Балқаш атауының шығу тарихы туралы мынадай аңыз бар. Балқаш көлі туралы аңыз. Көлдің қазіргі атауына байланысты халық ішінде бұрыннан айтылып келе жатқан аңыз бар. Бұдан көп ғасырлар бұрын көлдің батыс жағалауын бір бай мекендеген екен. Оның Балқия атты аса көрікті қызы болыпты. Ол тек көркімен ғана емес, ақылымен де, адамгершілігімен де ел ауызына ілігіпті. Сүйікті қызды әкесі ғана емес, бүкіл жұрт еркелетін Балқаш деп атайтын болыпты. Жасы он жетіге толғанда Балқия алыс елден келген Ерден атты бір жас жігітке ғашық болады. Алайда қазақтың көне әдет-ғұрпы бойынша ата-анасы қызды бала күнінде атастырып, қалың мал алып қойған екен. Мұны естін-білген қыз бен жігіт жасырын қашпақ болып келіседі де, бір ыңғайлы келген түнде екеуі екі атқа мініп тайып отырады. Ертесіне екі ғашық бір қалың қамыстың ішіне келіп дем алуға тоқтайды. Мұнда олар ойламаған жерден қырсыққа тап болады. Тал түсте аттарына қамыс ішіндегі қабандар тап береді. Ерден аттарды құтқарам деп жүргенде, қабанның азу тісі денесіне оңдырмай ауыр жарақат салады. Балқияның сүйікті жігітін өлімнен арашалап қалуға шамасы келмейді де асыл жарын жерлеп, өзінде сол жерде өлмек болады. Ал бұл кезде қабаннан үркіп қашқан екі ат қыз бен жігіттің туған ауылына келіп бір-ақ тоқтайды. Ыза болған қыздың әкесі жігіттерге қашқындарды ұстап әкелуге әмір береді және оларды халық алдында қарабет қылып жазаламақ болады. Қашқындарды іздеп шыққан жігіттер ат тұяғының ізімен жүріп отырып, қыздың тығылған жерін табады. Қуғыншыларды көрген соң, әкесінің қатал мінезін жақсы білетін Балқия, қолға түскеннен өлімді артық көріп, биік жардан көлге бір-ақ секіреді де су түбіне кетеді. Бұл ауыр оқиға, трагедия сол маңдағы елге түгел жайылып, бұдан былайғы жерде көлді өздері еркелетіп айтатын, сүйікті жас арудың атымен халық Балқаш деп атап кеткен екен.

Жетісу жерінде жуандығына бес адамның құшағы әрең жететін, жеті ғасырдан бері өсіп тұрған алып ағаш бар. Күллі халық ол ағашты «Әулие ағаш» деп атайды. Қасиеті артқан мұндай ағаш дәл қазір әлемнің үш елінде бар. Оның бірі – Меккеде, екіншісі – Қытай елінде, ал үшіншісі осы. Ала-көл маңында «Құбыланың желі», «Ебінің желі» деп аталатын желдер ежелден соғады. Бәлкім, жел жылдамдығы да су толқындарының екпіндей көтерілуіне әсер ететін шығар. Өйткені, жел Ебіден ескенде, жарқабақтар 20–25 метрге дейін құлайды. Б.з.б. V–III ғғ. жататын Бесшатыр және Есік обалары әлемге танымал болды. Есік обасынан табылған «алтын адам» ерекше назар аудартады.

Салтанатты киіміне, 4 мыңнан астам алтын бұйымдармен әшекейленген бас киіміне, 26 белгіден тұратын жазулы күміс тостағанына қарағанда, археологтардың пайымдауынша, мұнда көсем жерленген. Алматы аумағында қоныстанудың келесі маңызды кезеңі-елді мекендер мен қалалар пайда болған және қалыптаса бастаған орта ғасырлар дәуірімен байланысты. Бұл Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда байланыстарының ықпалымен қала мәдениетінің дамыған және өркендеген кезеңі VIII ғ. соңы – XIV ғ. болатын. Сауда жолы, Іле өзені алқабының тармағы арқылы X–XIV гг. қызу жұмыс істеген. Жазба дерек көздері, нумизматикалық мәліметтер және археологиялық материалдар қазіргі Алматы қаласының аумағында X–XV гг. Жетісудың орталығының бірі, ортағасырлық қала өмір сүргенін және ол бүгінгі күні-Алматы деп аталғанын, және оның тарихы мың жылдан астам екенін дәлелдеді [5].

Қорытындылар мен ұсыныстар. Кең байтақ жер осынау өлке тылсым табиғатпен аңыздарға толы Жетісу өлкесі туристік нысандардың экскурсияда алатын орны ерекше болып табылады. Қасиетті өңірдің таңғажайып туристік нысандарын айтып тауыса алмаймыз. Осы бізге мұра болып жеткен табиғи және тарихи туристік нысандарымызды өзге елден қызықтап көру үшін келген туристерге, отандастарымызға топонимикалық жер, су, туристік нысан атауларының шығу тарихын зерттеп, экскурсия жүргізуде импровизациялау кезінде аңыз – әңгімелерге тереңнен тоқталып, сыр шертіп, өскелең ұрпақ бойына дарыту нұр үстіне – нұр болар еді.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017.
[2] <http://atau.kz/kz/article/33>
[3] Асқар Егеубаевтың аудармасы Махмуд Қашқари Диуани лұғат-ат түрк. – Алматы, 1998. – I т. – 323 б.
[4] Имангулова Т.В., Омарова Н.А., Губаренко А.В., Кадырбекова Д.С. Алматы облысының туристік-топонимдерінің сөдігі (ЭЕМ-ге арналған бағдарлама – электрондық оқу құралы). – ИС 3948. – № 2717, 23 тамызда 2018.
[5] Әуезов Е.К., Лютерович О.Г., Оразымбетова Б.К., Құлбашева С.Қ. – Алматы жолсерігі, 2009. 20-24, 228 б.
[6] Қасқабасов С. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.

REFERENCES

- [1] Nazarbaev N. Route to future: the spiritual revival // Independent Kazakhstan. 2007 (in Kaz.).
[2] <http://atau.kz/kz/article/33>.
[3] Askar Egeu's translation Mahmoud Kashqari Diwani lugat-yt turk. Almary, 1998. 1 book. 323 p. (in Kaz.).
[4] Imangulova T.V., Omarova N.A., Gubarenko A.V., Kadyrbekova D.S. Tourist-toponymical dictionary of Almaty region (Program for computer – electronic textbook). IS 3948. N 2717 from 23august 2018 (in Kaz.).
[5] Әуезов Е.К., Лютерович О.Г., Оразымбетова Б.К., Құлбашева С.К. Almaty companion. 2009. 20-24. 228 p. (in Kaz.).
[6] Kaskabasov S. Elzerde. Almaty: Silk Way, 2008. 504 p. (in Kaz.).

Т. В. Имангулова¹, Д. С. Кадырбекова², Г. М. Ушқулакова², Ш. Маратулы³

¹Ассоц. профессор, к.п.н., доцент

(Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан)

²Докторант PhD, старший преподаватель

(Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан)

³Студент 3-го курса по специальности «5В090200-Туризм»

(Казахская академия спорта и туризма, Алматы, Казахстан)

ТУРИСТСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЖЕТЫСУ

Аннотация. Основным объектом анализа являются святые места в Жетысу и Казахстане в связи с топонимикой. Цель исследования – использование информации топонимических легенд для туристских целей и развития туристского потенциала региона. Изучение топонимики как национального и духовного богатства сегодня очень актуально. Названия земель любого региона сохраняют множество исторических, этнографических данных, географических характеристик.

Ключевые слова: топонимы, топонимика, топонимические легенды, названия гидронимов, Жетысу, топонимика, географические объекты.

T. V. Imangulova¹, D. S. Kadyrbekova², G. M. Ushkulakova², Sh. Maratuly³

¹Professor, c.p.s., docent

(Kazakh academy sport and tourism, Almaty, Kazakhstan)

²Doctor PhD, senior lecturer

(Kazakh academy sport and tourism, Almaty, Kazakhstan)

³3-rd year student of specialty «5B090200-Tourism»

(Kazakh academy sport and tourism, Almaty, Kazakhstan)

THE TOURIST POTENTIAL OF ZHETYSU

Abstract. The main objects of the article are the sacred places in Zhetysu and Kazakhstan with the basics of place names. The relevance of the article is the use of toponymic legends information for tourist purposes and the potential of this region. Each name is a legend of Zhetysu history. The study of the toponyms of the national and the spiritual wealth arose from the demand of nowadays. The area of the landing of any region maintain many historical data, ethnographic information, geographical characteristics.

Keywords: toponyms, toponymics, toponymic legends, land-water names, Zhetysu, toponymics, geographical objects.

УДК 339.9

Ш. М. Надыров¹, А. Т. Мылкайдаров², Р. Ж. Келинбаева³

¹Д. г. н., профессор кафедры географии, землеустройства и кадастра
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

²К.г.н., доцент кафедры географии, землеустройства и кадастра
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

³PhD., старший научный сотрудник лаборатории географии туризма и рекреации
(Сатпаев Университет, Институт географии, Алматы, Казахстан)

ТУРКСИБ В РАКУРСЕ НОВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОЯСА ШЕЛКОВОГО ПУТИ

Аннотация. Строительство одной из великих строек первой пятилетки – Туркестано-Сибирской железной дороги имело огромное значение для индустриализации не только Казахстана и Средней Азии, но и Западной Сибири и других регионов СССР. Определены роль и место важнейшей транспортной артерии, именуемой «Турксибом», в освоении природно-ресурсного потенциала стран Центральной Азии. В этой связи рассматривается историческая миссия Турксиба в настоящее время и в будущем в контексте строительства нового экономического пояса Шелкового пути (ЭПШП). Изучены страны Центральной Азии с точки зрения их внутреннего инновационно-экономического потенциала, его соответствия международным стандартам экономической эффективности и конкурентоспособности как важнейших ресурсов для внешнеэкономических отношений со странами трассы ЭПШП, ЕАЭС и мировой экономики.

Ключевые слова: Турксиб, Сибирь, Туркестан, Центральная Азия, новый экономический пояс Шелкового пути, геополитика, грузопоток, региональная интеграция.

Введение. Проект экономического пояса Шелкового пути является важнейшей инициативой КНР и затрагивает различные области развития многих государств и регионов мира: безопасность, социокультурные, политико-дипломатические и цивилизационные аспекты их существования. Особенно это касается регионов, за которые идет конкурентная борьба между центрами силы [1]. Именно таким регионом выступает Центральная Азия, в частности Казахстан, и первый на пути ЭПШП участок железной дороги, именуемый Турксибом.

Ситуация в странах Центральной Азии. В настоящее время суммарная величина ВВП стран Центральной Азии по паритету покупательной способности равна \$240, 9 млрд, что составляет около 0,37% от мирового ВВП (рисунок 1). С учетом сырьезориентированной экономики и емкости рынка это слишком низкий показатель в масштабе мировой экономики.

Вместе с тем государства Центральной Азии входят в число 43 стран мира, не имеющих выхода к морю. Ежегодно из-за анклавного положения эти страны при осуществлении внешнеэкономических связей теряют до 0,5% ВВП и вынуждены испытывать влияние более мощных в экономическом отношении соседей [2].

Кроме того, Центральная Азия не проявляет свои специфические черты в качестве регионального образования в подлинном смысле этого слова, то есть как геополитическая и культурно-цивилизационная целостность [3].

Это одна из причин того, что за годы обретения суверенитета Казахстаном объем товарооборота между им и остальными странами Центральной Азии так и остался на уровне 2%, что свидетельствует об отсутствии усиления экономического сотрудничества. Он остался наименее интегрированным регионом в мире [4].




Рисунок 1 – Валовой внутренний продукт стран Центральной Азии

Турксиб, оказав огромное влияние в довоенные и послевоенные годы на жизнь обширного края, стал промышленным и культурным центром Советского Союза. Наряду со старыми населенными пунктами родились новые города и рабочие поселки: Новосибирск, Бердск, Искитим, Черепаново, Новоалтайск, Барнаул, Алейск, Рубцовск, Локоть, Семей, Чарск, Жангызтобе, Аязоз, Актогай, Акбалык, Матай, Уштобе, Коксу, Айнабулак, Сарыозек, Капшагай, Алматы, Узун-Агач, Берлик, Шу, Луговая, Тараз, Бурное, Шымкент, Арысь, Ташкент и многие другие. В истории Турксиба особую роль сыграли влиятельные центральные институты в лице Наркомпути и текстильной промышленности, объединившись с выразителями интересов Сибири, Туркестана и Казахстана для лоббирования строительства железнодорожной магистрали [5].

Безусловно, Турксиб в значительной мере оказал содействие в решении острых народнохозяйственных проблем, намного сократив пути перевозки важнейших грузов и снизив транспортные расходы [6], а затем ускорив создание и формирование единого народнохозяйственного комплекса СССР.

Вместе с тем динамика грузооборота по трассе Турксиба отличалась постоянными колебаниями. Так, в первые годы его существования грузовые перевозки удваивались каждые пять лет. Это было связано с большим грузопотоком, создаваемым Урало-Кузнецким комбинатом. Но вскоре Турксиб перестал справляться с грузопотоком, что создавало трудности для развития экономики региона. В годы Великой Отечественной войны грузопоток Турксиба упал. Бурный рост грузопотоков в послевоенные годы сменился резким спадом, особенно к концу девяностых и началу 2000-х годов. В настоящее время Турксиб, являясь небольшим по протяженности, но важным по значению участком ЭПШП, выполняет громадные объемы грузоперевозок из Китая в Европу. По этому поводу Си Цзиньпин, Председатель КНР, заявил, что сейчас Казахстан можно смело назвать «чемпионом» трансконтинентальных перевозок. На евразийском пространстве это мост между Востоком и Западом [7]. Но, несмотря на это, сохраняется зависимость транспортных коммуникаций Казахстана от транспортных систем, прежде всего железнодорожных, России и Китая.

Известно, что китайское руководство выделяет немалые средства на создание экономического коридора Шелкового пути. Так, проект будет финансироваться из организованного недавно Азиатского банка инфраструктурных инвестиций с уставным капиталом 50 млрд долларов и общим объемом средств 100 млрд долларов, а также из Фонда Шелкового пути объемом 40 млрд долларов. Этот проект является вызовом стран – участниц проекта существующим геополитическим реалиям.

Центральная Азия в контексте ЭПШП. При складывающейся конфигурации трассы нового экономического пояса Шелкового пути Россия и страны ЦА, с одной стороны, выступают как очень важный, но всего лишь участок ЭПШП, богатый энерго и другими стратегическими природными ресурсами район. С другой стороны, это основа возрождения экономической мощи бывшего Советского Союза, но уже в рамках ЕАЭС. В. В. Путин отметил: «Евразийский союз будет строиться на универсальных интеграционных принципах как неотъемлемая часть Большой Европы, объединенной едиными ценностями свободы, демократии и рыночных законов». Кроме того, необходима и некая специфика, которая сделала бы подключение к евразийской интеграции более предпочтительным, чем прямая ориентация на ЕС. При этом возникают вопросы: новый экономический пояс Шелкового пути это подключение к евразийской интеграции или усиление роли ЕАЭС? Насколько совместимы два суперпроекта исходя из геополитических мотивов России и Китая?

Ответы на них следует искать в решении, принятом в 2013 году председателем КНР Си Цзиньпином, которое предусматривает реанимировать этот проект на основе концепции "Один пояс – один путь" ("Экономический пояс Шелкового пути" и "Морской путь XXI века"). Новый путь должен соединить Китай со странами Европы, укрепить сотрудничество с Азией и Африкой, создать одну из самых масштабных инфраструктурных сетей в мире. Для этого в Китае уже учредили Фонд Шелкового пути с бюджетом в 40 млрд долларов и возможностью докапитализации. Реализация сухопутной части проекта предполагает создание нескольких сотен инфраструктурных проектов: железные дороги, автотрассы, электростанции и индустриальные парки. Вместе с тем экономический пояс вдоль нового Шелкового пути предполагает создание 24 городов в 8 странах и объединение усилий по созданию "экономического пояса" зон свободной торговли согласно Урумчийскому соглашению, подписанному на Форуме кооперации и развития городов – участников проекта. Основные города, которые участвуют в проекте: Алматы (Казахстан), Бишкек (Киргизия), Мешхед (Иран), Урумчи, Сиань, Ляньюнган (КНР). Также города Грузии, Турции, Таджикистана и Туркмении. К этим городам примыкают территории Узбекистана, Афганистана, арабских государств Аравии и субсахарского региона. Следует отметить, что Турксиб в складывающейся ситуации выполняет роль западных ворот для ЭПШП со всеми вытекающими отсюда последствиями.

Примечательно, что несущей конструкцией для городов «экономического пояса» свободной торговли выступает Турксиб, создавая, во-первых, условия для полного использования транспортно-логистических возможностей данного региона, во-вторых, способствуя региональной интеграции в странах Центральной Азии и на территории ЕАЭС.

Технологическая увязка железнодорожных линий Жетеген – Коргас и Жезказган – Бейнеу, автомобильного коридора Западная Европа – Западный Китай, порта «Актау» и СЭЗ «Хоргос – Восточные Ворота» формирует важный центр консолидации и дистрибуции грузопотоков на новом Шелковом пути и обеспечивает дальнейшую интеграцию Казахстана в мировую транспортную и торговую систему. Выгодное географическое расположение СЭЗ «Хоргос – Восточные Ворота» на пересечении важных маршрутов из Китая и Юго-Восточной Азии в страны СНГ, а также в Европу, Персидский залив и в другие регионы, создающие предпосылки для развития мультимодальной логистики, организации крупных промышленных производств и торговли, позволяют региону стать перспективным дистрибуционным центром мирового уровня [8].

Однако слабым звеном экономического пояса выступают недостаточно развитая транспортная инфраструктура, некомпактность территорий, в частности постсоветских стран, низкий суммарный потребительский спрос населения, разрыв в цивилизационном развитии и технологическом укладе по сравнению не только с постиндустриальными странами, но и с Китаем и Россией.



Рисунок 2 – Города экономического пояса свободной торговли

Безусловно, ЭПШП создаст условия для экономической интеграции стран Центральной Азии, может повлиять на усиление общеевропейской интеграции, причем основным интегратором будет выступать Китай, если эти процессы будут протекать в русле его интересов. Большинство исследователей ЭПШП задают вопрос: что даст этот проект его участникам? На наш взгляд правомерно ставить вопрос: что могут взять участники проекта от реализации этого проекта, опираясь на собственные силы? При этом имеется в виду, какие методы, технологии управления экономическими процессами они могут противопоставить геополитическим мотивам и геостратегическим устремлениям ведущих стран мира, включая Китай? И здесь возникает главный вопрос: насколько возможно совмещение интересов ЕС, ЕАЭС, КНР и стран Центрально-Азиатского региона?

Ответы на эти и другие вопросы нельзя искать в сфере одной лишь теории. Хотя в теоретических и в ряде практических исследований последних лет, по нашему мнению, явно вырисовываются тенденции дифференциации геополитического развития на основе трех индикаторов, каковыми являются геополитические мотивы, геостратегические устремления и геоэкономические интересы. Они выступают в единстве в геополитике ведущих стран мира и являются неотъемлемой частью их геополитической функции, реализуемой руководством этих стран на практике. Как правило, геополитические мотивы и экономические интересы всегда имеют земные корни. Мы попытались рассмотреть, какие практические решения могут быть заложены в основе используемых теоретических подходов. В статье [9] мы отмечали, что в современных условиях для стран – участниц ЭПШП, включая Казахстан, необходима принципиально новая парадигма социально-экономического развития, адекватная решению непростых задач формирования нового экономического пояса Шелкового пути на основе:

- разработки единых и национальных стратегий социально-экономического развития с соответствующим механизмом перехода к новым технологическим укладам;
- разработки инновационных схем пространственного развития Казахстана с акцентуацией внимания на реконфигурацию территорий городов и регионов как градостроительной основы функционирования национальной экономики;

– формирования системы расселения населения в рамках городских агломераций – инкубаторов инновационных технологий и финансовых центров мирового, субрегионального и регионального уровней, оказывающих экономическое влияние на значительную часть экономического пояса Шелкового пути и Евразийского экономического союза [10].

Исходя из сказанного хотя бы в первом приближении необходимо знать:

какими будут хозяйственная парадигма мира и соответственно характер международного разделения труда и международной конкуренции в ближайшие 5–10 лет и смогут ли страны Центральной Азии подготовиться к ней;

– какими параметрами должна обладать экономика стран Центральной Азии, включая Казахстан, чтобы уверенно чувствовать себя в мировой экономике к этому времени;

– кто будет основными противниками и основными союзниками в экономической конкуренции между странами Центральной Азии в ракурсе формирования нового экономического пояса Шелкового пути;

– какова будет роль транспортно-коммуникационной системы Казахстана, в частности Турксиба, в реализации проекта ЭПШП.

